

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

соғады. Анасының өз баласын өлтіруі келесідей жүзеге асырылады. Қылмыстық жағдайдың пайда болу механизмі мен оның ары қарай дамуында негізінде бір-бірімен тығыз байланысты факторлар жатыр, олар: жыныстық қатынас, оның нәтижесі-қажетсіз жүктілік, аборт жасаудың мерзімін өткізіп алу және әйелдің санасында баланы қасақана өлтіруге байланысты басым түрде орныққан психологиялық көзқарастың қалыптасуы жатыр. Бір типтік жағдайды қарастырайық.

Біздің халқымыздың жыныстық қатынастар туралы, жүкті болып қалмас үшін қалай сақтану керектігіне байланысты сауатсыз болуы да үлкен проблема. Қазіргі жастар бұл туралы білімді отбасынан, кітаптан емес, шет елден контрабанды жолымен келген порно жолы т.б. фильмдер үйренеді. Қазақ отбасыларында ата-аналар көбінесе бұл проблеманы қозғамайды-ұялады. Бұл проблемадан ұялмай, қайта отбасында жыныстық қатынастар, оның нәтижелері туралы проблеманы қозғап, айту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Чокина М.В. Проблемы предупреждения убийства матерью новорожденного ребенка. Автореф., дисс., на соискание ученой степени канд., юрид. наук. Алматы. 2001. - 28с.
2. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений. Алматы. 2002. - 187 с.
3. Шаргородский М.Д. Преступность, ее причины и условия в соц. обществе // Преступность предупреждение. Л. 1966. - 306 с.
4. Жижиленко А.А., Пионтковский А.А. Нормы об убийстве матерью новорожденного ребенка // Российский следователь, 2008. - №12. - С. 20-21.
5. Пионтковский А.А. Учение о преступлении. М., 1961. - 590 с.
6. Красиков Н.А. Галкин Д.В. Уголовно-правовая охрана жизни новорожденного ребенка // Российский следователь, 2014. - №19. - С. 28-31.
7. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. - СПб., 1902. - 309с.
8. Джапарова М.Қ. Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығы. Магистрлік дисс., Астана. 2009. - 94б.
9. Оташева К.Б. Нәрестені өлтірудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттамасы // «Қазақстантану-5» атты Хакім Абайдың 165 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары 3 томдық. 3 том. Астана, «Тұран-Астана» университеті, 2010. - 168б. 237-245б

УДК 343,9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ КРИМНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Әшім Мөлдір

ASHIM_MOLDIR@MAIL.RU

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс студенті

Ғылыми жетекші-Мұратханова М.Б.

Қылмыстылықпен күреске, бәрінен бұрын, сол қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудыратын себептер мен жағдайларды жою арқылы кейбір адамдардың қылмыс жасау пиғылын іске асырмау жатады. Кезінде Чезаре Бекария: «Жазалағаннан қылмыстың алдын алған жөн» деген еді. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» түсінігі негізінен, қылмыстылықпен күрестің криминологиялық теориясына сүйеніп қалыптасқан.

Г.А. Аванесовтың пікірінше, «қылмыстың алдын алу» түсінігі «қылмыстылықты жоюдың объективтік және субъективтік мүмкіндіктерінің тарихи қалыптасқан жүйесін, сондай-ақ осы құбылысты, оны туындататын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жиынтығын» білдіреді.

Қылмыстылықтың алдын алу дегеніміз - қылмыстылықты тудыратын құбылыстарды азайтатын, шектейтін, жоятын қоғамдық процесс.

«Қылмыстық заңның негізгі мақсаты - қылмыстылықты тудыратын себептер мен жағдайлардан арылу және ол үшін қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, түзеу заңдарының нормаларын және алдын алу шараларын құрал ретінде пайдалану», - дейді Ю.Гомек.

Біз бұрындары қылмыстылық дегеніміз - күрделі әлеуметтік құбылыс, сондықтан да оның себептерін ең тиімді қылмыстық саясат та жоя алмайды деп санағанбыз. Қылмыстық заң жүйесі қандай да бір қылмыстың алдын алу мақсатында қылмыскерге, сондай-ақ азаматқа ықпал жасай алады, жасауға тиіс те, және сол ықпалдың неде тұратындығында, қаншалықты және қандай әдістермен жасалатындығында.

Бұл мәселелерде маңызды саяси-әлеуметтік және идеологиялық мазмұн бар. Қылмыстық саясат құралдары қылмыстылықтың субъективтік және бірқатар жақындау объективтік себептеріне және оларға мүмкіндік тудыратын жағдайларға ғана ықпал жасай алады.

И.П. Портновтың пікірінше, «таза» түрде қылмыстың алдын алу дегеніміз - криминогендік факторларды жою және қылмысқа дейінгі кезеңде адамның мінез-құлқын түзету арқылы қылмыстың жасалуына жол бермеу.

Ал, Г.А. Аванесовтың ойынша, қылмыстың алдын алу мақсатында ықпал жасалынатын объект «өте күрделі құбылыс», оған жеке адам, адамдар тобы, оларды қоршаған орта (оның ішінде тікелей қоршаған орта) және әр түрлі «заттар» - факторлар, себептер мен жағдайлар, мән-жайлар, т.б. жатады.

Алдын алу объектілері жайында сөз қозғағанда, тіптен, нақты кәсіпорын, аудан, қала, қандай да бір аймақ жайында айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қылмыстылықтың алдын алуға анықтама берсек, ол - қылмыстылықтың себептерін және оған мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін, өзара байланыстағы әр түрлі шараларының жиынтығы.

Заң әдебиеттерінде оның әр түрлі топтамасы келтірілген. Алдын алу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру үшін мына негіздерде топтама жүргізген дұрыс: алдын алу жұмысының деңгейі бойынша, оның тетігі, көлемі бойынша, алдын алу шараларының мазмұны бойынша, оларды орындау субъектсі бойынша.

Қылмыстылықтың алдын алудың жалпы шараларына біздің республикамыздағы барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жатады. Адамға бағдар алған тиімді экономика негізінде меншік нысанының көп қырлылығына, нарықтық қатынастарды қалыптастыруға көшудің шаруашылық тетігін түбірімен қайта құру, адамдардың іскерлік белсенділігін және ынтасын көтеру, еңбек нәтижесіне мүдделілігін арттыру, халықтың әр түрлі тобының әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету, реформа барысындағы елеулі шығындарға қарамастан, ерте ме, кеш пе, көптеген пайдақорлық, шаруашылық, лауазымдық және өзге қылмыстар жасаудың негізі болып табылатын криминогендік факторларды жоюға, шектеуге және ықпалсыз етуге қолайлы жағдай тудырады.

Алдын алудың жалпы шараларының негізгі мақсат - тұрмысы нашар адамдарды әлеуметтік жағынан қорғау (әсіресе, баға жіберілген және нарықтық қатынас орнай бастаған кезде), халықтың табысын индексациялау, салық салу саясатын дұрыс жүргізу, халықтың еңбекпен айналысуын және оның тұрмыстық ахуалын бақылау, жұмыссыздарды еңбекке орналастыру, қоғамдық қатынастарды жетілдіру, адамдардың рухани байлығын молайту, мәдениетін, санасын көтеру, т.б. болып табылады.

Қаладағы қылмыстылықтың алдын алуға бағытталған арнаулы мақсаттарға жалпы әлеуметтік деңгейде қол жеткізу үшін экономиканы дамытуға, халықтың материалдық қажеттілігін қанағаттандыруға, қала халқының демографиялық құрылымын теңдестіруге, көші-қон процестерін реттеуге, демократияны дамытуға және халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруға, білім мен мәдениетті көтеруге, т.б. бағытталған шаралар жүргізілуі тиіс. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу шаралары жалпы

қылмыстылықпен күресуге бағытталған шаралармен қамтылады. Бірақ, кәмелетке толмағандарға алдын ала ықпал жасау шараларының бірқатар ерекшеліктері бар.

Криминологтар кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларының ішінен жалпы әлеуметтік және әлеуметтік-криминологиялық алдын алу шараларын; кәмелетке толмағанның жеке басының қалыптасуына теріс ықпал ететін мән-жайлардан арылу үшін ерте баста жүргізілетін сақтандыру шараларын; кәмелетке толмағанның нақты қылмыс жасауына әкеп соққан мән-жайлардан арылу, қайталап қылмыс жасаудан сақтандыру шараларын; жалпы және жеке дара шараларды бөліп алады.

Бұл «топтардың» барлығының ақырғы мақсаты да, міндеті де кәмелетке толмағанның дұрыс тәрбие алуына қажетті жағдай жасау, оларды қылмысқа итермелейтін адамдарды анықтап, олардың әлеуметтік көзқарасын өзгертуге тиісті шара қолдану.

Жастардың өзінше еңбекке және қоғамдық-саяси өмірге аяқ басар шағында әлеуметтік, экономикалық және басқа жағдайларды жақсарту шаралары, мемлекеттік жастар саясатын қаржы, заң және ұйымдық жағынан қамтамасыз ету жастар арасындағы қылмыстылықтың алдын алудың негізін құрайды.

Айта келгенде, мәдениеттілікті жан-жақты дамыту, саяси сауаттылық, өнегелі тұрмыс, еңбекқорлық, заңды білу қоғамды жаңғыртудың, оны өркениетті етудің маңызды шарты ретінде қылмыстылықтың барлық түрінің алдын алудың қажетті негізі болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар қылмыстарының алдын алу мәселесін жалпы қоғамдық көлемде шешу үшін адамдарды еңбекпен қамтамасыз ету проблемасы шешілуі тиіс, бұл Қазақстан үшін қазіргі таңда әлі шешімін таппаған мәселе.

Нарықтық қатынасқа көшудің салдарынан жұмыссыздар саны көбейді. Мысалы, нарықтық экономикасы дамыған елдерде жұмыссыздар саны 1% өссе, ұлттық өнім 2,5% азаяды, және керісінше. Америкалық ғалымдардың есебі бойынша, жұмыссыздар саны 1% артса, қылмыс 4%, ал адам өлтіру, оның ішінде пайдакүнемдік пиғылда адам өлтіру 5,7% артады екен.

Қылмыс жасауға себеп болатын кейбір жағдайлар мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің жұмысындағы кемшіліктерден туындайды. Сот, ішкі істер, прокуратура органдары осы көрсетілген ұйымдармен бірлесіп сол себептер мен жағдайларды жою үшін әр түрлі шаралар жүргізеді.

Жеке ұйғарымда соттың өзі анықтаған, қылмыс жасауға себепші болған заң бұзушылық, технологиялық, өндірістік, мемлекеттік тәртіптің, еңбек, қаржы тәртібінің бұзылғандығы, оған жол берген адамдар нақты көрсетілуі және сот тұжырымына негіз болған дәлелдер келтірілуге тиіс.

Ұсыныста, жеке ұйғаруда қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудырған мән-жайлар жайындағы барлық ақпарат көрініс табады, оларды жоюдың жолы көрсетіледі.

Бұл жерде мән-жайларды үстіртін көрсетумен ғана шектелмеу керек, қылмыстың жасалуының барлық кезеңін қарастырып, әрбір мән-жайдың өзіндік ролін бағалау керек.

Көптеген ұсыныстарда мұндай талдама кездеспейді. Сол себепті оның сапасын жақсартуды және қаралуын бақылауды қолға алған жөн.

Кешенді жоспарларда қылмыстылықпен күрестің негізгі проблемаларын, бұл бағыттағы озық тәжірибелерді жан-жақты қамтуды көздеген нақты шаралар көрініс тапқан. Құқық қорғау жұмысының «ішкі бауын» мықтылаумен қатар (халық жасақшыларын ұйымдастыру, маскүнемдікпен, жатақханалардағы қылмыстылықпен күрес, т.б.) кең ауқымдағы жалпы қоғамдық мәселелерді шешу де қарастырылған, атап айтқанда, халықтың көші-қонын реттеу, әлеуметтік көндігу процесін басқару, қала инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысу, азаматтарды қоғамдық тәртіпті қорғауға тарту, т.б.

Қылмыстың алдын алу жүйелерін одан ары жетілдіруге кедергі болып отырған бір жай, ол - алдын алу қызметінің атқаратын міндеттерінің шектен тыс шашыраңқылығы. Осыған байланысты, сондай-ақ алдын алу субъектілерінің бірінің жұмысын бірі қайталамауы үшін заң бұзушылықтың алдын алу жөнінде Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау

керек, онда заң нормаларының көмегімен алдын алу жұмыстарын ұйымдастырудың негізі айқын реттелуге, оны жүргізу кезінде сақталуға тиісті негізгі ережелер болуы қажет; кейбір міндеттер тек құқық қорғау органдары мен жұртшылыққа ғана емес, сонымен қатар кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, ұжымдық шаруашылықтарға да жүктелгені жөн.

Күш қолданып пайдакүнемдік пиғылда қылмыс жасаудың бірқатар ерекшеліктері бар екенін біз жоғарыда атап өткенбіз, бұл қылмыстарды көбіне адам мас күйде жасайды, көпшілік орындарда, пәтерлерде, ұйымдарда, қару немесе қару ретінде қолдануға болатын заттарды пайдаланып жасайды. Криминологиялық зерттеулерге қарағанда, егер арнайы алдын алу шаралары жүргізілсе, онда әр 10 қылмыстың 7 тойтаруға болатын екен.

Сарапшылардың пікірінше, арнайы алдын алу органдарының жұмысы дұрыс және уақтылы жүргізілгенде әр үш қылмыстың екеуін болдырмауға мүмкіндік болған. Бұлай деуге себеп - кәмелетке толмағандар мен жас адамдардың мінез-құлқы қылмыс жасағанға дейінгі бірнеше ай бойы біртіндеп теріс бағыт ала бастаған.

Оларды қылмысқа итермелеген ересек адамдардың көпшілігі не бұрын сотталғандар немесе тұрған жерінде теріс сипатталатын адамдар болған. Сондықтан да олар алдын алу шараларымен қамтылуға тиіс еді. Қылмыс жасағанына дейін жастарды бұл адамдар теріс қылыққа бастаған, ал олардың 90-95%-іне құқықтық шаралар қолданылмаған. Сол себепті алдын алу шаралары нақты осындай жағдайларды жоюға бағытталуы тиіс.

Мынандай шаралар жүзеге асырылуы керек:

1. Ұтымды экономика, меншік нысанының көптүрлілігі, адамдардың іскерлік белсенділігі мен ынтасын көтерудің негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру.

2. Жас адамдардың әлеуметтік, экономикалық және басқадай жағдайларын жақсартуға, олардың өз бетімен еңбекке және қоғамдық-саяси өмірге араласуы үшін мемлекеттік жастар саясатын қаржымен, заңмен қамтамасыз етуге шаралар қарастырып, оны жүзеге асыру.

3. Оқу орындарында «Мемлекет және құқық негіздері» және «Құқықтану» пәндерін оқытудың сапасын жақсарту. Оқылатын сағат санын 60-қа дейін көбейтіп, курс аяғында емтихан алуды қарастыру.

4. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың алдын алуды жалпы қоғамдық деңгейде қарастырғанда Қазақстан үшін өзекті проблема - адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қажет. Нарықтық қатынастарға көшу жұмыссыздар санының көбеюіне әкеліп соқты. Сондықтан да «Еңбек туралы» Заңның негізінде Қазақстан халқын еңбекпен қамтамасыз етудің Мемлекеттік бағдарламасын жасау керек. Бұл бағдарлама халықты еңбекпен қамтамасыз етудің облыстық, қалалық және аудандық бағдарламалары негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін әр түрлі мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілердің және қоғамдық ұйымдардың өзара тығыз байланыста болуы шарт.

5. Республиканың ірі қалаларында құқық бұзушылықтан алдын алудың кешенді шаралары жасалуға, онда қаланың экономикалық, әлеуметтік, географиялық және басқа ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Онда қылмыстылықпен күрестің негізгі проблемаларын жан-жақты қамтитын нақты шаралар және күрестің озық тәжірибелері көрініс табады. Құқықтық тәртіпті қорғау шаралары тар мағынада емес (халық жасақшыларын құру, маскүнемдермен күрес, жатақханаларда тәртіп орнату, т.б.), оларды кең әлеуметтік ауқымда жүзеге асыру қарастырылады, мысалы, халықтың көші-қонын реттеу, қоғамға көндіктіру процесін басқару, қаланың инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысу, халықты қоғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдыру, т.б.

6. Заңды жалпыға бірдей оқытуды және заңға тәрбиелеуді ұйымдастыру. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқитын жастардың және басқа да азаматтардың құқықтық оқу жүйесін құру.

Халық арасында заңды жан-жақты насихаттау, атап айтқанда, жасалған қылмыс үшін жазаланбай қалу мүмкін еместігіне көз жеткізу, адамды қастерлеуге, оның жеке басын сыйлауға баулу, заңды, қоғамдық тәртіпті бұзуға болмайтындығын санаға жеткізу. Бұл тұрғыдан алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор.

7. Құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту. Әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы көпбалалы отбасыларын, зейнеткерлерді, халықтың нашар тұратын топтарын мемлекеттік қамқорлыққа алу. Ең аз табысты және күн көріс үшін қажетті азық-түлік мөлшерін ауық-ауық қайта қарау. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, ата-анасының қамқорынсыз қалған, жетім қалған балаларға, қарттарға арналған үйлерді көбейту.

8. Азаматтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігін арттыру. Құқық тәртібін сақтауға азаматтарды тартудың жаңа нысандарын табу. Жәбірленушілерді, қуәлерді қорғауды заң бойынша реттеу. Заңдылықты нығайту ісінде белсенділік танытқан адамдарға әлеуметтік қолдау жасау.

9. Бас бостандығынан айыру орындарынан босанған адамдардың әлеуметтік ақталуына көмектесу. Оларды жұмысқа орналастыру жүйесін құру. Сотталған адамдардың қажетті жұмысшы мамандығын игеру үшін жаза өтейтін колониялардың жұмысын жақсарту және жетілдіру. Әлеуметтік ақтау орталықтарының, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып келген адамдарды қоғамға көндіктірудің басқа да нысандарының қызметін ұйымдастыруға көмектесу, оларға қолдау жасау.

Сонымен, зерттеулер жүргізу нәтижесінде қылмыстық құқықтың мәселелерін анықтайтын және қылмыстылыққа қатысты мәселелерді ғылыми түрде шешудің әрікарайғы жолдарын қалыптастыратын анықтамаларды енгізуге мүмкіндік береді.

Қылмыстылықтың қалыптастыра отырып Қазақстан Республикасының заң шығарушысы көрсетілген қылмыс жасалуына жағдай жасайтын әрекеттер тізбесін ұсынады. Қылмыстылықтәртіпті іс-әрекеттермен жасалуы мүмкін, бұл әрекеттерді ешқандай тізбе де қамти алмайды.

Қоғамдық тәртіп – бұл құқық нормалар мен моральға негізделген, адамдардың қауіпсіздігі мен тыныштығын, олардың мүлкін сақтайтын, мемлекеттік, қоғамдық және басқа да кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың дұрыс қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ететін адамдардың арасындағы қатынастар тәртібі.

Қорытындылай келе, қылмыстылықпен күресті жалпы қоғам болып, жалпы халық болып жүзеге асыру керектігін қарастырған жөн. Мұнда мемлекеттің рөлі ерекше, себебі мәжбүрлеу құралдары мен институттары мемлекеттің қолында. Қылмыскерлікпен күрестің бағытын да мемлекет анықтайды. Бірақ, мемлекеттің талпынысы азаматтық қоғамның барлық институттарының, заңды және жеке тұлғаларының талпынысымен өзара байланыста ғана ойдағыдай жеміс беруі мүмкін.

Қылмыстылықпен күресті заңдылық режимінде, тек мемлекеттің Конституциясы, оған қайшы келмейтін басқа заңдар мен заңға тәуелді актілер шегінде, халықаралық-құқықтық нормаларды сақтай отырып жүзеге асыру қажет.

Қылмыстылықпен күресті кешенді жүзеге асыру: бір кезеңдерде қылмыскерліктің алдын алу шараларымен ғана, басқа кезеңдерде құқық қорғау, әсіресе жазалау шараларымен ғана әуестенуге жол бермеу, жаңа ғылыми және ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдаланып, қылмыскерлердің алдында жүру қажет деп санаймын.

Қазіргі кезеңде өзінің мазмұнымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін, құқықбұзушылықтардың алдын алуды көздейтін жаңа сапалы заңнама жүйесі қалыптастыруда көптеген жұмыстар жүргізу қажет. Бұл заңнамалар жүйесін қалыптастыруда тәжірибеде кететін кемшіліктер мен қателіктер басты назарда болған жөн.

Тағы бір айта кететін жай, қылмыстылықпен күресудің негізгі шарттарының бірі болып – құқық қорғау органдары мен қоғамның бұзақылық, өмірге, денсаулыққа және ар-намысқа қол сұғу сияқты қылмыстардың алдын алуда бірлесуі, бір-бірімен тәжірибе алмасуы табылады. Сот статистикаларының анализі, сот-тергеу тәжірибесі көрсеткендей қылмыстылық туралы істерді қарау кезінде құқық қорғау органдары негізінен заңдарды дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді. Бірақ та сот-тергеу органдары барлық жағдайларда заңдардың талаптары мен Пленумдардың қаулыларында берілетін заңдарды қолданудың түсініктемелерін сақтамайды. Сондықтан да мазмұны жағынан жетілген заңдарды қалыптастырған жөн.

Айта кететін жай, соңғы кезде қылмыстылықпен және қоғамдық тәртіпті бұзатын басқа да қылмыстармен күресу әлсіреп кетті.

Қылмыскерлерге жеңіл қарау – қоғам мен азаматтарға моральдық және материалдық зиян келтіретін бұл қылмыспен күресуді бағаламаудың нәтижесі екендігі даусыз. Қылмыстылықтың тағы бір қауіптілігі, ол қасақана адам өлтіру, ауыр дене жарақаттарын келтіру, зорлау сияқты және тағы да басқа қылмыстармен ұштасуы мүмкін.

Қылмыстылықпен күресуді қылмыстық-құқықтық ұйымдастыруда көптеген қателіктер жіберіледі. Бұның бәрі заңды, өйткені менің ойымша Қазақстанда бұл қоғамға қауіпті қылмыспен күресудің қылмыстық-құқықтық мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ. Республикамызда әлі күнге дейін қылмыстылықпен күресудің криминологиялық аспектілеріне арналған бірде бір арнайы жұмыс жазылмаған.

Қоғамға қауіпті қылмыс ретіндегі қылмыстылықпен күресу мәселелерін зерттей келе менің қорытындылағаным, бұл қатынастарды реттейтін заңдарға түсінік беретін ғылыми еңбектер жеткіліксіз деп санаймын. Сондықтан да осы бағытта жүргізілетін жұмыстарды жетілдіру бүгінгі күннің басты мақсаты деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Алауханов Е.О. Криминология: Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2005.
- 2) Криминология: Дәрістер курсы (жауапты ред. И.Ш. Борчашвили). Астана: Дәнекер, 2005.
- 3) Криминология және қылмыстың алдын алу: Сызбалар альбомы Құрастырған: М. Қ. Ынтықбаев, С. Қ. Алтайбаев. — Қарағанды: Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 136 б.
- 4) Қазақстан Республикасының 2010 жылдың 29 сәуіріндегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы.
- 5) Комментарий к Закону Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» /Под общ. Ред. И.И. Рогова, С.С. Молдабаева. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2011. – 100 б.
- 6) Алауханов Е.А., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. Учебник. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 376 б.
- 7) Криминология. (ответ. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж.) – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2004. – 336 б.
- 8) Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану) Оқу құралы (Конспектi үшін). - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 120 бет.
- 9) М.Қ. Ынтықбаев, С.Қ. Алтайбаев. Криминология бойынша жаттығулар жинағы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011. – 32 б.

УДК 341.1/8

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЙ СТАТУС НЕПРИЗНАННЫХ И ЧАСТИЧНО ПРИЗНАННЫХ ГОСУДАРСТВ

Байжанова Мадина Максutowна

mbaizhanova@list.ru

Студентка Юридического факультета ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ю.Костяная

На сегодняшний день одним из интересных феноменов нового времени в международном праве являются непризнанные государства – де-факто независимые страны, с появлением которых начались немаловажные проблемы. На данный момент в мире существует около 120 непризнанных государств, которые провозглашены на территории почти 60 стран. Результатом военно-политического и идеологического соперничества времен Холодной войны и стало появление данного типа государств.